



"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 15 тамыздағы № 250 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабы 2-тармағына және "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тіліндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Ғ. Нұрмұхамбетов

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің

2024 жылғы "15" тамыздағы

№ 250 қаулысымен

бекітілді

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" " коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

Петропавл қаласы, 2024 ж.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) құрылыс, сәулет және қала құрылысы аясында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың өз филиалдары және өкілдіктері жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма өзінің атынан азаматтық-құқықтық қатынастарды жасайды.

6. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес Басқармаға уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамаларда белгіленген тәртіпте, Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген басқа актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 150008, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі, 23.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттің қаражатынан жүзеге асырылады.

12. Басқарманың өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынасқа түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

13. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 11 қыркүйектегі № 362 қаулысы негізінде қайта құрылған "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің және "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құқық мирасқоры болып табылады.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

15. Мақсаттары:

- 1) Солтүстік Қазақстан облысы аумағында құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, дамыту мен жетілдіруге жәрдемдесу;
- 2) аумақтарды, елді мекендерді, құрылыстық, сәулет қала құрылысы кешендерін және инфрақұрылымдарды әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған мемлекеттік, құрылыстық және басқа бағдарламаларды іске асыру;
- 3) республикалық және жергілікті бюджеттерден түсетін қаражат есебінен құрылыс жөніндегі инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыру;
- 4) тапсырыс берушінің және бағдарламалар әкімшісі қызметтерін жүзеге асыру.

16. Өкілеттіктері:

1. Құқықтары:

- 1) өз құзыреті шегінде қызметтерді жүзеге асыру үшін, мемлекеттік органдардан, статистика органынан және меншік нысанына қарамастан басқа да шаруашылық субъектілерден қажетті ақпараттарды және құжаттамаларды сұратуға және алуға;
- 2) жеке және заңды тұлғаларға Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндірмелер беруге;
- 3) құрылыс, сәулет және қала құрылысы мәселелері жөнінде бұйрықтар шығаруға, мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізуге;
- 4) қолданыстағы заңнаманың, қала құрылысы, экологиялық және өзге де нормативтік талаптар нормаларын бұза отырып, орындайтын жобалау, құрылыс және өндірістік ұйымдардан жобалау, құрылыс және құрылыс өнімдерін шығару құқығына лицензиясын алып қою туралы ұсыныстарды енгізуге;
- 5) алдын-ала келісім бойынша сәулет және қала құрылысы органдарымен берілген жобалық-жоспарлау құжаттамалар, нормативтік талаптар және сәулеттік-жоспарлау тапсырмаларының барын анықтау мақсатында, құрылыстың кез келген объектілерінде, реконструкциядағы, күрделі жөндеудегі объектілерге, құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрылымдарды шығаратын құрылыстық индустрия кәсіпорындарына бөгетсіз баруға, сондай-ақ нормативтік және сәулеттік-қала құрылысы талаптарына жауап бермейтін жобаларды келісуден бас тартуға;

6) тиісті мемлекеттік органдардың алдында қала құрылысы тәртібін құрылыс және сәулет саласының қолданыстағы заңнаманы бұза отыра, өздігінен құрылыс салған кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге;

7) Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар брифингтер өткізуге.

2. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларын сақтау;

2) Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленген тәртіпте Басқарманың мүдделерін және құқықтарын қорғау;

3) Басқарма Конкурс ұйымдастырушысы, тапсырыс беруші, немесе бюджеттік бағдарлама әкімшісі болып табылатын әлеуметтік сала, тұрғын үй-коммуналдық, азаматтық және өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысу;

4) объектілер мен кешендерді орналастыру, жер учаскелерін қала құрылысы мақсаттары үшін беру және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда, мемлекет қажеттіліктері үшін оларды алып қою жөнінде жергілікті атқарушы органдарға ұсыныстар дайындау;

5) заңнамаларда белгіленген тәртіпте жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, шағымдарын, ұсыныстарын қарау;

6) Басқарма қызметінің ашықтығы мен мөлдірлігі, соның ішінде "Ашық деректер", "Ашық бюджет", "Ашық нормативтік құқықтық актілер", "Ашық диалог" порталдарын толықтыру және сүйемелдеу жөніндегі жұмысты жүзеге асыру.

17. Қызметтері:

1) құрылыс, сәулет және қала құрылысы шеңберінде мемлекеттік саясатты іске асыру, соның ішінде жобалау, Солтүстік Қазақстан облысы аумағында құрылыс индустриясының өндірістік базасын дамыту;

2) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтері туралы заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден түсетін қаражат есебінен инвестициялық жобаларды іске асыру барысында құрылысқа тапсырыс берушінің қызметтерін жүзеге асыру;

3) Басқарма тапсырыс беруші болғанда, салынған объектілерді пайдалануға беруге қатысу;

4) тауарлар, жұмыстар және қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;

5) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің, сондай-ақ қала құрылысын жобалауға байланысты әкімшінің қызметтерін жүзеге асыру;

6) Солтүстік Қазақстан облысы аумағында құрылыс қызметтері шеңберінде мемлекеттік, қоғамдық және жеке мүдделерді қорғау мәселелері жөнінде жобаларды мемлекеттік сараптаудың республикалық және аумақтық құрылымдарымен,

мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау органдарымен өзара әрекет ету ;

7) өз құзыреті шегінде, құрылыс, сәулет және қала құрылысы салаларымен айналысатын меншік нысанына қарамастан барлық шаруашылық жүргізу субъектілерінің қызметтеріне қолдау көрсету;

8) экономика салалары объектілерінің құрылысы, қайта жаңғыртуы жөнінде жылдық, басым бағдарламаларды және өңірлік бағдарламаны әзірлеу және өз құзыреті шегінде олардың орындалуына бақылау ұйымдастыру;

9) құрылыс саласын дамыту бөлігінде республикалық және жергілікті деңгейдегі бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қатысу;

10) әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жобалау, салу, реконструкциялау, қалпына келтіру, күрделі жөндеу мәселелерін реттейтін нормативтерді жетілдіру жөнінде ұсыныстарды дайындау;

11) осы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің түрлі меншік нысанындағы шаруашылық субъектілердің ниеттері негізінде, күрделі құрылыс және объектілерді қайта жаңғырту жылдық жоспарларын әзірлейді және облыс әкіміне және тиісті ведомстволарға ұсынады;

12) экономиканың жетекшілік ететін кәсіпорындарымен бірлесе отырып, жұмыстардың тұрақтылығы және жақсаруы жөнінде бизнес-жоспар әзірлеп, көзделген іс-шараларды негіздеу және олардың орындалуына қолдау көрсету;

13) жобалық құжаттама сапасын қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру, жобаларды мемлекеттік сараптамадан өткізуге қолдау көрсету;

14) жергілікті бюджет, сондай-ақ жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыруға бөлінген республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын объектілердің және кешендердің құрылысының жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларын қарау және бекіту;

15) салынып жатқан (салынуы жоспарланған) объектілер мен кешендердің мониторингін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізу;

16) халықты аумақта жоспарланатын құрылыс салу, не басқа да қала құрылысы өзгерістері туралы ақпараттандыру;

17) объектілерді, кешендерді жобалау және уақытша ғимараттар мен үймереттерді орналастыру жөніндегі жобалық-ізвестіру жұмыстарын орындау кезінде сәулеттік және қала құрылысы талаптарын айқындау;

18) жергілікті атқарушы органдарға объектілер мен кешендерді орналастыру бойынша ұсыныстарды дайындау;

19) елді мекендерді жобалау, қалпына келтіру, абаттандыру, көгалдандыру және дизайн мәселелерін реттейтін нормативтерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

20) аумақты қала құрылысымен игеру және құрылыс салу кезінде азаматтар мен қоғамның өмір сүру және тіршілік ету қызметтік ортасының қолайлығын және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

21) жоспарлау және құрылысты салу жобаларын қарау және келісу;

22) Басқарманың интернет-ресурсында және Ашық порталында ақпараттық толықтыру және үнемі жаңартуды қамтамасыз ету;

23) әлеуметтік, тұрғын үй және азаматтық мақсаттағы объектілерді жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіру;

24) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;

25) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесіне мәліметтерді уақытында және сапалы енгізілуін, толықтырылуын ұдайы бақылауды қамтамасыз ету;

26) халықаралық және республикалық деңгейлердегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалауға техникалық ерекшеліктер мен техникалық тапсырманы акредиттелген республикалық спорт федерацияларымен келісу;

27) облыстық маңыздағы әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді, терроризмді, экстремизмді алдын-алу, жою және қарсы іс-қимыл қызметтерін жүзеге асыруға қажетті объектілерді салу, қайта жаңғырту және жөндеу кезінде, сондай-ақ облыс орталығының Бас жоспарын әзірлеу жөнінде тапсырыс беруші болады;

28) облыстық маңыздағы қаланың бас жоспары жобасын келісу;

29) аумаққа құрылыс салу, құрылыстарды, ғимараттарды, құрылысжайларды, инженерлік және көліктік коммуникацияларды кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу), қалпына келтіру және күрделі жөндеу туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған құрылыс объектілерін консервациялау, облыстық маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдерді дайындау;

30) Солтүстік Қазақстан облысының аумағын дамытудың кешенді схемасын әзірлеу ;

31) облыстың елді мекендерінің бас жоспарларын әзірлеу және барларын түзету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

32) облыс аумағындағы елді мекендердің бас жоспарлары белгіленген тәртіпте бекітілген, аумақтардың қала құрылыстық жоспарлаудың (облыс аудандарының жоспарлау жобасының немесе оның бөлігінің) кешендік схемасын іске асыру жөніндегі қызметтерді үйлестіру;

33) халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарының жобасын кейіннен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсыну үшін облыстық мәслихаттың қарауына енгізу;

34) облыстық мәслихат мақұлдаған, халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарын әзірлеуді ұйымдастыру және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну;

35) ведомстволық бағынысты әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларын), сондай-ақ қалалық мәслихат мақұлдаған және кешенді қала құрылысы сараптамасынан өткен, халқының есептік саны жүз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қаланы дамытудың бас жоспарының жобасын облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

36) облыстық мәслихатқа қарамағындағы әкімшілік-аумақтық бөліністердің шекараларын белгілеу, немесе өзгерту жөнінде қала құрылысынан туындайтын факторларға байланысты ұсыныстар енгізу;

37) халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарының жобасын кешенді қала құрылысы сараптамасынан өткізуді ұйымдастыру.

3-тарау. Басқарма басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес лауазымға тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Басшының орынбасарлары болады, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес, лауазымға тағайындалады және орындарынан босатылады.

21. Басқарма және Құрылтайшының, Басқарма әкімшілігі және оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес анықталады.

22. Басқарманың жұмыс уақытының режимі екі демалыс күні (сенбі, жексенбі) бар, бес күндік жұмыс аптасында түскі үзілісімен, ұзақтығы сегіз сағаттық күнделікті жұмыс уақыты бар.

23. Өндірістік қажеттілікке байланысты, жұмыс уақыты Басқарманың бірінші басшысымен қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзгертілуі мүмкін.

24. Басқарма Басшысының өкілеттігі:

1) сенімхатсыз мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда Басқарма атынан іс-әрекет етеді және оның мүдделерін ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес басқарма қызметкерлерін лауазымдарға тағайындайды және орындарынан босатады;

3) өз орынбасарлары мен бөлім басшыларының міндеттерін және өкілеттігін айқындайды;

4) Басқарма қызметкерлерін көтермелеу мәселелерін шешеді және тәртіптік жазалауды қолданады;

5) Басқарма бұйрықтарына қол қояды, сондай-ақ, Басқарма қызметкерлеріне орындау үшін міндетті нұсқаулар береді;

6) Құрылтайшы бекіткен штат санының лимиті шегінде, Басқарманың құрылымы мен штат кестесін айқындайды және бекітеді;

7) Басқарманың жоспарын, бөлімдері туралы ережелерді, Басқарманың әкімшілік мемлекеттік лауазымдардың біліктілік талаптарын және жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

8) Басқарманың шығыс сметаларын бекітеді, бюджетпен қарастырылған қаржылық қаражатқа иелік етеді;

9) мемлекеттік қызметшілердің бос әкімшілік лауазымды орындарына конкурстар өткізуге бастама жасайды;

10) облыс әкіміне басқарманың жұмыстарын келешекке жоспарлау және ағымдағы жұмысын ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар береді;

11) Басқармада мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың орындалуын бақылайды ;

12) Басқарма жұмысын ұйымдастырады және басқарады.

13) ерлер мен әйелдердің тең құқығының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдігі туралы заңнамаларды сақтауды қамтамасыз етеді, мыналар үшін дербес жауапкершілік артады:

Басқармаға жүктелген міндеттерді орындауына және өз функцияларын жүзеге асыруына;

Басқарма қызметшілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамаларды сақтауына;

14) медиация шеңберінде жүйелі жұмысты қамтамасыз етеді;

15) Басқарманың басшысы орнында болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін оны алмастыратын адамы қолданыстағы заңнамаларға сәйкес орындайды.

16) жетекшілік ететін салада қолданылатын ақпараттық жүйелерді бақылайды.

4-тарау. Басқарманың мүлкі

25. Басқармада заңнамада көзделген жағдайларда, жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық мүлікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

28. Басқарма қызметін қайта ұйымдастыру, тарату және тоқтату (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.